

Бекітемін: *Асау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

Балабақша ішілік семинар:
«Ұлттық құндылықтар-ұлт қазынасы»
(ортаңғы, «Толағай» тобы)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық 07.02.2025ж

ҰОҚ тақырыбы: Қазағымның ұлттық құндылықтары

Сабақтың мақсаты:Болашақ қазақ халқының ұрпақтарына еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру.

Бала тәрбиесі дәстүрлерінің салт-дәстүрі, рухани-мәдениетке тәрбелей отыра күнделікті өмірде қолдануға баулу. Қол маторикасын дамыту, шығармалықтарын дамыту баланың. Оюдың түрлерін білу.

Сабақтың түрі: Шығармашылық

Көрнекілігі: этно кабинетте, киіз ішінде, шығармашылыққа байланысты материалдар.

Шаттық шеңбер

«Күнге сәлем»

Қуан, шаттан, алақай,

Қуанатын күн келді.

Қайырлы таң! Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

Тәрбиесі: Балалар, бүгін бізде ерекше оқу іс – әрекеті өткелі отыр.

Балалар, қалай ойлайсыңдар ұлттық құндылықтар дегеніміз не?

-Ұлттық құндылық дегеніміз-Қазақ халқының жасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер арқылы жетіп отыр. Балалар біздің ненің ішінде отырмыз. Иә, ол шаңырақ төбесінде, уықпен шашырап, керегемен ұсталып, сыртын киіздермен оралған киіз үйдеміз. Балалар біздің қазақ халқымыз ұлттық құндылықтарға бай. Ұлттық тағамымыз, ұлттық аспаптармыз, ұлттық киімдеріміз, ұлттық ойындарымыз көп.

Тәрбиесі: -Балалар ендеше киіз үйде алтын сандық бар екен оны ішінде бізге бізге суреттер бар екен, бір бірден алып табайықшы. Қанекей.....

Фатима:

Домбыра

Басып дұшпан желігін,

Жырла, көтер ел үнін.

Қара шанақ домбырам

Күмбірлей бер серігім

Аяла:

Қазы –қарта, жал-жая
Дәмді тамақ
қандай, ә!О,
қазағым,
жарадың! Қазы
–қарта, жал-жая,
Сенің ұлттық
тағамың.

Олжас:

Қатты құртты жейміз,
Дәмін «қышқыл» дейміз
Салма артық күшіңді,
Сындырасың тісіңді.

Айлин:

Арқан тартыс
Ойын арқан қалың жіппен ойналады. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қай топ арқанды өзіне қарай көп тартады. Сол топ жеңіске жетеді..

Еркеназ:

Тұсаукесер: Тұсаукесер – сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын гұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Аяғына байлап, пышақпен кеседі. Сыйлы адамдарға кестіреді.

Сәлсәбил: Сәукеле — ұзатылған қыз киетін, аса бағалы, биік төбелі салтанатты қазақтың ұлттық бас киімі.

Тәрбиеші:

-Балалар ендеше Шығармашылық орталыққа барайық

Сергіту сәті: «Қара жорға» биі

2 Шығармашылық алаң

-Балалар ендеше бізде сағат тілімен орналасқа «Сиқырлы сағатқа» барып барабанның тілін айналдырып, тілі қай бағытқа тоқтаса сол ұяшықты ашып, астынан шыққан сурет тураы тақпақ немесе әңгімелеп береді.

Ахмад: Шапан: қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық киімі. Оның ер адамдар да әйел адамдарда киеді.

Нұржан: Бауырсақ-Қазақтың ұлттық тағамы.

Апам мені пісірген,
Қызыл күрен бауырсақ.
Шықпай қояр түсіннен,
Біраз жемей сағынсақ.

Жанерке: Асық- Асықпен ойналатын қазақтың ұлттық ойындары көп.
Асық ойнаған озар,
Доп ойнаған тозар.

Айханым: Торсық – қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі қазақтың ұлттық ыдысы.

Тәрбиеші: Балалар бүгін қазақтың қандай ұлттық құндылықтарымен таныстық.

Балалар: Киіз үй, оюлармен.